

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағамымыз!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

№ 20 (18152)

Жұма, 13 ақпан,  
2016 жыл.



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

# Жетісу

Газет 1918 жылғы  
маусымнан шығады



[WWW.Zhetysu-gazeti.kz](http://WWW.Zhetysu-gazeti.kz)



[Jetisu2002@mail.ru](mailto:Jetisu2002@mail.ru)

Балдәурен шағымның, алаңсыз алау кезімнің ізі қалған қараша ауылдағы орта мектеп көзге аса ыстық. Көңіл көгершіні қалықтаған сағынышты сәттерде жанымызға білім дәнін сепкен, бойымызға ізгілік нәрін дарытқан, үлкен өмірге қанаттандырып, биікке ұшырған жылы ұямыз еске жиі оралады. Жан-жүрегіңді езіле елжіретіп, нағыз ностальгия сазына бөленіп, айрықша серпіліп шыға келесің-ау. Тұла бойына бөлекше қуат берген тұған жердің төсінде асқақтаған білім шаңырағының әр кездегі кескін-келбеті көлбөндеп, жанарына сүйікті ұстаздарының мәңгі өшпес асыл бейнелері жетіп келері және аян. Бүгінгі таңда аты-жөні ауыл-аудан аймағынан асып, ұлан-байтақ елімізге танымал тұлға Ғалиолла ТӨЛЕНДІҰЛЫН бірқатар шетелдік әріптестері де өте қадірлеп, құрметтейді. Есімі халықаралық деңгейде аталатын жерлесіміздің ғылымдағы үлкен ізденіс жолын бірден сөз етпей, ол өскен, ол оқыған ордалы ортаға зер салуымыздың мәні зор. Дана халқымызда «Жалғыз ағаш орман емес» деген дара тәмсіл бар. Балалықтың кәусар бұлағына ой жүгіртіп жатқанымыз да бекер емес...

Іргедегі «Фрунзеден» бастауыш мектепті тамамдап, бесінші сыныпқа көшкенде жеті шақырымға жаяулап-жалпылап қатынағанда теңіз жағасындағы шикі саман балшықтан тұрғызылған көне мектеп бізге керемет еңселі көрінгені рас. Сөйтсек, ескі білім ұясы құлауға шақ тұрған екен. Келесі жылы тыңнан жаңа зәулім ғимарат бой көтерді. Бұл күнде оның да орны тып-типыл. Уақыт ізі – уақыт демі. Заманға сай, қазіргі өскелең талапқа орай салынған мектебімізде су ырзығын сүзген теңіз тарландарының бүгінгі ұрпағы білім алады.

Жаңа ғасырдың жаңашыл жас өрендері бұдан отыз, қырық, елу жыл бұрын өздері оқып жүрген киелі қара шаңырақтан атақтылар сапында кімдердің түлеп ұшқанын білмейді де. Бұл үшін оларды жазғыра да, кінәлай да алмаймыз. Тым әбестік шығар. Бірақ өткеннен құлағдар болудың еш артықтығы жоқ. Өйткені менің замандастарым мен қатарластарым әркілі жағдаяттарда бас қоса қалғанымызда мәре-сәре боп қаламыз, арқа-жарқа шүйіркелесеміз. Сондағы айта-тынымыз: «Бәріміз де қалың қамыстың, қалың құмның арасынан шықтық қой...». Шындығында солай. Білте шамның жарығымен білім алған түпкірдегі ауылдың түлектері бұл күнде тәуелсіз Қазақ еліміздің әр қиырында жүр. Олардың әрқайсысы хақында толғана, ақтарыла сыр өрбітіп, ұзақ сонар әңгіме шертуге әбден болады. Сөйтсе де әр нәрсенің, әр жайдың өз орны бар.

Ал есімдерін бүкіл республика білетін, дүйім жұрт жақсы танитын бір ұяның түлектері – Көпбірлік ауылындағы Ахмет Байтұрсынұов атындағы орта мектептің кешегі шәкірттері жайында кеуде керген қуанышпен әңгімелеріміз анық. Реті келгенде талай буынның қатарын құрайтын топжарған санлақтарды атап өткенді дұрыс көрдім. Өйткені Сарыесік топырағынан шыққан олардың есімдері бүкіл Қазақстанға жақсы мәлім. Тоқсанның төріне көтерілген белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, қос майданның ардагері Әли Изотов аға бастаған келісті керуенді қысқаша төмендегіше тізуге болар еді. Мұғалімбай Жылқайдаров, Тұраш Мұқанов, Көбес Ақылбаев, Төкен Омаров, Маман Шешенханов, Ғалиолла Мейірманов, Кенжемұрат Дукенбаев, Несіп Жүнісбайұлы, Серікжан Исаев, Әміре Әрін тәрізді тегеурінді тұлғаларды барша қауым таниды. Әрине, әрқайсысы өз саласының сардары, өз кәсібінің қаһарманы, өз ісінің үздігі. Қандай құрмет, қандай мәртебе! Әңгіме-міздің әлқиссасын қуана бір қайырып тастап, тікелей кейіпкеріміз Ғалиолланың ғибратты өмір жолына үнілейік.

\*\*\*

Көпбірлік орта мектебін 1963 жылы күміс медальмен бітірген Ғалиолла Мейірмановтың есімін бұл күнде бүкіл республика біледі. Сыныптастары мен жерлестері оны үнемі Қабда деп екінші есімімен атайды. Ол – Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. Сонау бір жылдары ғылымның қадірі қашыңқырап, беделі мен абыройынан айырылдықтарынан тұста Алаштың біртуар ардағы өзіміздің Шерағаң – Шерхан Мұртаза: «Қазір тақ тасасаң академикке тиеді» деп жазғанындай, кезінде екінші-бірі академик атанғаны ақиқи шындық болатын. Жауыннан соңғы санырауқұлақтай қаулаған академиктердің аты-жөндерінен шатасқанымыз да рас. Кеуде соққан сол шіркіндердің ғылымға қосқан мысқалдай болсын жаңалығын есімізге түсіре алмай қиналатынбыз. Оны күлбітелеп жасырудың еш себебі жоқ. Нағыз ғалымды, нағыз акаде-

• *Әр адамның жүрек*  
• *қартасында өмір бақи*  
• *ұялтпайтын, әрдайымы*  
• *азап, қастерлеп жүретінін*  
• *нүктелері болады.*  
• *Жсеруіығы - Жсе*  
• *тісуының қиян тө-*  
• *ріскейіндегі, көкірді Бал-*  
• *қаштың жазасындағы*  
• *балықшы ауылдары -*  
• *Фрунзе, Көпбірлік*  
• *мен үшін сондай қасиетті*  
• *елді мекендердің қата-*  
• *рында.*

# АРЫНДЫ АЗАДЕМІК

(жадыдағы суреттер немесе қойындәптердегі эскиздерден түзілген эссе)



микті дәуірдің өзі, уақыттың қатал тезі екшейді.

Құдайға шүкір, біздің Ғалиолла әлгі белгісіз әлжуаздардың санатынан емес, керісінше әйдік ойлы оғландардың сойынан. Оның ашқан ғылыми жаңалықтары уақытында одақтық, шетелдік ғалымдардың назарын өздеріне аударғаны мәлім. Ұзақ жылғы маңдай терінің нақты тәжірибесімен дүниеге келген, талай мәрте сүзгіден өткізіліп барып күнделікті өміріміз бен тіршілігімізге енгізілген жаңалықтар. Соны да тың ізденістер жемісі. Ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетінің түлегі бүкіл ғұмырын өзі құлай қалаған мамандығына арнаған. Мал азығы дақылдарының генетикасы мен селекциясы туралы 140-тан астам ғылыми еңбектің авторы. Жоңышқаның, түйе жоңышқаның және күріштің 22 жаңа сортын шығарған. Ғылым мен өндірісті үйлестіре ұштастыра білген танымал ғалым Арал өңірі агроэкологиясы және ауылшаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтында лауазымды қызметтер атқарды.

Осыдан қырық жыл бұрын ол туралы «Лениншіл жас» газетіне («Жас Алаш») студенттік жылдары «Менің құрдасым» деген мақала жазған едім. Онда Ғалиолланың студенттік ізденістері жан-жақты айтылады. Ал еңбеккер да, жаңашыл ғалымның байсал шағында «Егемен Қазақстанда» жарияланған очеркте өзіміздің мектепте оқыған Ғалиолланың бауыры, филология ғылымдарының докторы, белгілі сыншы-профессор Бақытжан Майтанов былай деп жазған еді: «...Адамның табиғатпен кіндігі бір екенін біз біле бермейміз. Өзімізді мынау жарық дүниеге әкелген, осы әлемнің барлық сұлулығы мен қиындықтарын сезінуді үйреткен күдіретті күш те анамыз кейіпіндегі жаратылыс емес пе? Алаш табағының тиген жер – Табиғат-ананың бізге берген мүмкіндігі екен ғой. Ал енді ойла! Алдыңызда – талпыныс, тартыс, мәңгілік күрес. Ұштағанның тоғысы, әрине, тынымсыз еңбек».

Мен белгілі ғалым, жарқын жүзінен ізгілік шуағы төгілген ер мінез азамат Ғалиолла Мейірмановты жағадан кетпей суға түсіп, қазанның күйесіндей қарайып, зыр қағып жүгіре бергеннен табанымыз тон тартып, аяғымыздың ашық беті жарыла бастаған бала күндерімнен білемін. Менен бірер жас үлкендігі бар. Балқаштың Жетісу бетіндегі Фрунзе атындағы ұжымшарда тұратын. Әкесі – қаталдау, артық күліп, оғаш сөйлемейтін, мінезі ауыр Төлөнді қария сол жерде шаруашылық басшысы болыпты.

Қолына қалам ұстатқан ұстазы – қадірлі Базархан Ыбыраев ақсақал. Ол кісі туралы өзінен бір сынып кейін оқыған, қазіргі белгілі жазушы-журналист Жанат Елшібеков кезінде тамаша очерк те жазды. Ғалекенді достары Қабда, Қабдош дейтін. Бұл ауылдың бала-шағасы бесінші сыныптан кейінгі оқуларын теңіз жағасындағы Көпбірлікте, Киров атындағы ұжымшарда жалғастыратын. Сабақ бітісімен олар ұлап-ұлап шаңға бөгіп, үйлеріне қайта-

тын. Онай іс емес, әрине. Арасында ағалары Зейнолла, Зейнетолла да бар. Солар қатарлас Амантай Мұсатаев атты сәл ересек оқушы (кейіннен ішкі істер саласының полковнигі болды) қу тілге салып: «Шіркін, өстіп ішіміз шұркырап, қарнымыз ашып келе жатқанда алдымыздан екі бөлке нан кездессе... Таласып, төбелесіп қалар ма едік», – деп күлдіреді екен. Бұдан өткен ғасырдың елуінші жылдарындағы ауылдың қоныртөбел тірлігін айғақтар шуақты суретін байқаймыз.

Иә, бәрі де шынайы бейнеленген. Қаршадайынан оқу-білімге құштар, айнала-төңірегіне қатарластарына қарағанда жігірек, байыппен зер салатын «сарбала» атанған Қаб-

егіншілік ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі, профессор А. Бобердин қатысуы, пікір бөлісуі, ой таластары, қарамақайшы ұйғарымдар мен келісімге келу бұл еңбектің ғылым мен дәуір талаптары үшін аса қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, осы диссертацияда жоңышқа селекциясымен бірге нақты нәтиже ретінде «Қапшағай-80» және «Дархан-90» атты жаңа сорттар сұрыпталып ұсынылғаны көп жайды аңғартса керек.

Ұстамдылығы мен іскерлігін, біліктілігін бағалаған әріптестерінің ұсынысымен Ғалиолла Мейірманов 1991-1993 жылдары Қазақ ауылшаруашылық ғылым

академиясы президиумында бас ғылыми хатшының орынбасары, бөлімшенің академик-хатшысы қызметтерін атқарды. 1993 жылы ол Қызылорда ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу институтына директор болып ауысты. Атақты ғалым, тәжірибелі басшы, тындырымды ұйымдастырушы тұлға, азамат ретінде қалыптасуына Сыр өңіріндегі жылдары ерекше әсер еткені анық. Сол уақыттағы жаппай жекешелендіру тұсында ілкімді басшы болашақты ұйлап, талан-таражға түскелі тұрған тәжірибе шаруашылығын сақтап қалып, 2000 бас қаракөл қойды тұқымдық қор есебінде ұстауға шешім қабылдады. Ол Арал өңірі аймағын экологиялық дағдарыстан шығарып, ауылшаруашылығын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасын жасап, жергілікті халықтың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын жақсартуға, облыс экономикасының дамуына жаңа тыныс беруге атсалысқанын жұртшылық біледі. Өйткені, тындырылған игілікті істің іздері сайрап жатса керек.

Жасөспірім кезінен жанына жақын Алматыға Ғалиолла 2000 жылы қайтып оралды. Содан бері Қазақ егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты қазіргі Егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығында жемісті қызмет атқарып келеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ғалиолла Төлөндіұлы Мейірмановтың жүз қырықтан аса ғылыми еңбектері жарияланыпты. «Жоңышқа» аталатын іргелі монографиясы бар. «Қапшағай-80», «Қапшағай-84», «Дархан», «Семей», «Жанак», «Көкөрай», «Өсімтал» секілді жоңышқа түрлері, «Сарайшық», «Аркас» іспетті түйежоңышқа түрлері, «Арал-2000», «Аружан» тәрізді күріш түрлері республикадағы егін алқаптарында өнім береді. Бұл жаңалықтарға Ғалиолла ғалымның қосқан өзіндік үлесі айтарлықтай.

Жер бетінде әртүрлі мамандықтар иесі аз емес, – дейді профессор Ғалиолла Мейірманов. – Ғылым мен өндірістің дамуына қарай олар көбейе беретіні белгілі. Ал ауылшаруашылығы мәңгі мамандыққа жатады. Ол адамның өмір сүруіне қажетті тамақ және шикізат өндірумен тығыз байланысты.

Ауылшаруашылығы ғылымына елеулі үлес қосқан беделді ғалымның ғибратты ұстаздық жолы хақында да айта кеткен орынды. Халық алдында есеп берер мерейлі сәтте Ғалекеннің білікті маман кадрлар мен өкшесінен ерген ізбасарлар дайындаудағы ұстаздық еңбегі жемісті де қомақты. Оның ғылыми жетекшілігімен 7 аспиранты кандидаттық және 4 тәлімгері докторлық ғылыми дәрежесін алды. Олармен бірге селекционерлер, генетиктер, биологтар мектебін ашуға бірден-бір ұйытқы болды. Тәжірибелі ғалымның осындай игілікті істері өз республикамыздың шеңберінде қалып қоймай, біраз шетелдерде де жалғасын табуады. Бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнаған академиктің ерен еңбегі мемлекеттің марапаттарға ие болғанын да айта кеткен жөн. Әсіресе, бүгінгі адамзаттың қызу қарқынмен өсіп-дамуы, жағандандудың алға тартқан өркенді өзгерістері мен алтын бесігіміз – жер шарындағы қилы-қилы құбылыстар ақыл-ойдың асыл қазынасы еаналатын ғалымдарға үлкен де маңызды міндеттер жүктеп отыр. Осынау мұраты мен мақсаты биік жауапкершілік үдесінен табытуымыз қажет-ақ.

Біздің оқыған кезіміз генетика ғылымының қайта жандануымен тығыз байланысты өтті, – дейді қазір академик, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Ғалиолла Мейірманов. – Осы пәнді аса қызығушылықпен оқыдық. Генетиканы өз мәнінде түсінуімізге Ағыбай Алмасұлы зор ықпал етті. Сондай-ақ, студент кезімізде дәріс берген атақты профессорлар: Х. Арыстанбеков, С. Харин, О. Троицкая, Б. Қалымбетов, И. Сүлейменов, А. Дорофеев, Т. Тазабеков біздің көңілімізде ұмытылмас-тай болып қалды.

Институтты бітірген соң Ғалиолла аспирантурада оқи жүріп, Алматы маңындағы «Жаңашар» оқу-тәжірибе шаруашылығын басқарды. 1974 жылы ол «Жоңышқа сорттарының әртүрлі будандастыру комбинацияларындағы будандардың гетерозистік әсері» атты тақырыпта ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады. Одан кейін де жас ғалымның қол қусырып отырған мезеттері кездеспесе керек. Ғ. Мейірманов осы жылдар аралығында жүргізген тәжірибе жұмыстарының негізінде 1990 жылы Новосібір ауылшаруашылығы институтында «Селекция және тұқым шаруашылығы» мамандығы бойынша «Жоңышқа селекциясын инбредті линияларды қолдану арқылы жүргізу» атты тақырыпта ғылым докторы дәрежесі үшін диссертация қорғады. Оның ғылыми еңбегін талқылауға КСРО Ғылым академиясының академигі, Цитология мен генетика институтының директоры В. Шумный, ВАСХНИЛ-дің академигі, ВАСХНИЛ Сібір бөлімшесінің президенті П. Гончаров, Украина

*Академик Ғалиолла Мейірмановтың жүрек үнінен жан дүниесімен түсінігендігін. Шынымен «Сөздің елің үшін төгілген маңдай терің сүлгімен ұял көткесі», - деп берді. Өзің ардағым сәттілік сөрік болсаң.*

Жанат ЕЛШІБЕК, жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Алматы облысының Құрметті азаматы.